



**№ 3 (77), 2016**  
**Мамыр-маусым/May-June**

Журнал 2003 жылдың мамыр айынан бастап Париж қаласындағы халықаралық ISSN орталығында тіркелген. ISSN 1727-060X

Журнал зарегистрирован в международном Парижском ISSN центре с мая 2003 года. ISSN 1727-060X

The journal is registered in Paris ISSN international center since May 2003. ISSN 1727-060X

Журнал ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымы және ақпараттық агенттігінде тіркелген. Куәлік № 55-97-Ж 18.ІІ.2005 ж.

Журнал зарегистрирован Министерством по инвестициям и развитию РК Комитет связи, информатизации и информации свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и информационного агентства № 5597-Ж 18. II. 2005 г.

The journal is registered by the Ministry of Investment and Development Committee of the RK communication, information and information about the certificate of registration of a periodical and news agency № 5597-Zh 18. II. 2005.

**Түркістан**  
**2016**



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ / УЧРЕДИТЕЛЬ

### Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

#### Редакция алқасы / редакционная коллегия

док., проф. М.Йылдыз (А.Ясауи университеті); ф.-мат. г.д., проф. У.Әбдібеков (А.Ясауи университеті президенті); док., проф. Т.Раимбердиев (А.Ясауи университеті, Түркістан); док., проф. Т.Қожаоғлы (Мичиган университеті, АҚШ); ф.г.д., проф. А.Ахматалиев (Қырғыз Ұлттық академиясы, Бішкек); ф.г.д., проф. Ж.К. Бакашова («Манас» университеті, Бішкек); ф.г.д., проф. К.Алламбергенов (Әжінияз атындағы пединститут, Нүкіс); т.ғ.д., проф. Д. Қыдырәлі (Түркі академиясы президенті, Астана); ф.г.д., проф. Б.Бутанаев (Н.Ф.Катанов атындағы Хакасия мем.университеті, Абакан); ф.г.д., проф. Н.Егоров (Тіл білімі институты, Чебоксары); ф.г.д., проф. М.Х.Идельбаев (Ақмолла атындағы Башқұрт мем. университеті, Уфа); ф.г.д., проф. В.Илларионов (М.Аммосов атындағы Солтүстік-шығыс федеральді университеті, Якутск); ф.г.д., проф. М.Закиев (ТР Ұлттық академиясы, Казан); ф.г.д., проф. А.Кайдар (А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы); ф.г.д., проф. И.Кызласов (Мәскеу); ф.г.д., проф. Д.Кенжетай (Евразия университеті, Астана); док., проф. Я.Құмарұлы (Гуманитарлық ғылымдар академиясы, Үрімші); ф.г.д., проф. Х.Миннегулов (Казан); ф.г.д., проф. К.Мусаев (РҒА Тіл білімі институты, Мәскеу); ф.г.д., проф. М.Мырзахметов (Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы); т.ғ.д., проф. А.Муминов (Еуразия Ұлттық университеті, Астана); ф.г.д., проф. М.Жураев (А.Науан атындағы Тіл және Әдебиет институты, Ташкент); ф.г.д., проф. А.Тыбыкова (Таулы-Алтай мемлекеттік университеті, Таулы Алтай); ф.г.д., проф. М.Улаков (Кабардин-Балкар мемлекеттік университеті, Нальчик); ф.г.д., проф. К.Райхл (Бонн университеті, Бонн); ф.г.д., проф. Г.С.Кунафин (БҰҒА корреспондент-мүшесі, Уфа)

#### Бас редактор

доктор, профессор Мехмет Куталмыш  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Түркістан / Қазақстан

#### Бас редактордың орынбасары

доктор Орхан Кылычарслан  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Түркістан / Қазақстан

## SAHİBİ / OWNER

### Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

#### Yayın Danışma Kurulu / Editorial Board

Doc., prof. M.Yıldız (University of H.Yasavi, Turkestan); Dr. mat. n., prof. U.Abdibekov (University President of H.Yasavi, Turkestan); Doc., prof. T.Raimberdiev (University of H. Yasavi, Turkestan); Doc., prof. T.Kocaoglu (University of Michigan, USA); Ph.D., Professor A. Ahmatiev (Kyrgyz National Academy, Bishkek); Ph.D., Professor Zh.K.Bakashova (University of "Manas", Bishkek); Ph.D., Professor K.Allambergenov (ped.institui named Azhniyaz, Nukis); Doctor of History, Professor D. Kydyrali (President of the Turkic Academy, Astana); Ph.D., Professor B.Butanaev (Khakassia State University named N.F.Katanova, Abakan); Ph.D., Professor N.Egorov (Institute of Linguistics, Cheboksary); Ph.D., Professor M. H.Idelbaev (Bashkir State University named Akmulla, Ufa), Ph.D., Professor V.Illarionov (North-Eastern Federal University Ammosov, Yakutsk); Ph.D., Professor M.Zakiev (TRAN, Kazan); Ph.D., Professor A.Kaydar (Instiuit of linguistics named A.Baitursynov, Almaty); Ph.D., Professor I.Kyzlasov (Moscow); Ph.D., Professor D.Kenzhetay (Eurasia University, Astana); Doc. prof. Ya.Kumaruly (Gum. Academy of Sciences, Urimshi); Ph.D., Professor H.Minnegulov (Kazan); Ph.D., Professor E.Musaev (RAS Institute of Linguistics, Moscow); Ph.D., Professor. M.Myrzahmetov (KazNPU Abaya, Almaty); Ph.D., Professor. M.Muminov (Eurasia University, Astana); Ph.D., Professor M.Zhuraev (Institute of Language and Literature named Alisher Navoi, Tashkent); Ph.D., Professor A.Tybykova (Gorno-Altai State University, Gorno-Altai); Ph.D., Professor M. Ulak (Kabardino-Balkar Research Institute of Language, Literature and History, Nalchik); Ph.D., Professor K.Rayhl (University of Bonn, Bonn); Ph.D., Professor L. Hrebitsek (Prague); Ph.D., Professor G.S.Kunafin (BSU, academician of the International Turkic Academy, a member of the Writers' Union of Russia and Belarus, Ufa).

#### Editor-in-chief

Dr. Prof. Mehmet Kutalmış  
International Kazakh-Turkish university  
named H.A.Yasavi  
Turkistan/Kazakhstan

#### Associated editor

Dr. Prof. Orhan Kılıçarslan  
International Kazakh-Turkish university  
named H.A.Yasavi  
Turkistan/Kazakhstan

**ТОПАН СУ ЖАЙЛЫ БАЙЫРҒЫ ТҮРКІЛЕРДІҢ МИФТІК  
АҢЫЗДАРЫ  
ANCIENT TURKIC FLOOD MYTHS**

Б.ӘБЖЕТ\*

**Түйіндемe**

Бұл мақалада әлемге кең тараған топан су жайлы аңыздарды саралай келе әлі күнге шейін көптеген зерттеушілерге белгісіз болып келген түркі халықтарында да сақталған топан су жайлы аңыздың бар екендігіне тоқталады. Түркі халықтары арасында әсіресе, қазақ фольклорында сақталған топан су жайлы аңыздың бірнеше нұсқаларын келтіре отырып, ол аңыздардың шығу генезисіне жан-жақты талдау жасайды. Қазақ аңыздарын исламға дейінгі және исламнан кейінгі аңыздар деп екі топқа бөліп қарастырады. Исламға дейінгі аңыздардың ежелгі арий тайпалармен байланысы бар болғандығына тоқталып, зороастризм дініндегі аңыздарға салыстырулар жүргізеді.

**Кілт сөздер:** Қазығұрт, Арарат, ислам, інжіл, таурат, арий, зороастризм, топан су, Нұх пайғамбар.

**Summary**

This paper surveys flood myths amongst Turkic people. Even though the flood myths were the object of research by scholars, but the Turkic myths on this theme were left without consideration. The author compares different versions of flood myths among Kazakhs and analyses their genesis. Kazakh myths are officially divided into two stages: before Islam and after Islam. In this article myths before Islam are analyzed in relation with the ancient Aryan tribes and compared with myths in Zoroastrianism.

**Key words:** Qazigurt, Ararat, Islam, Noah's flood, prophet Noah, the Bible, the Torah, Aryans, Zoroastrianism.

Дүниежүзіне кең тараған аңыздың қатарына топан суды жатқызуға болады. Топан су жайлы әлемнің көптеген ғалымдары, әр саланың мамандары зерттеулер жүргізді. Бұл аңыздың мұншалықты танымал болуы бір жағынан көне аңыздардың әлемдік деңгейдегі діндерден орын алғандығында болса керек. Тәурат, Інжіл секілді діни

---

\* филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of philology sciences, associate professor, Senior scientific executor at Scientific Intellectual Institute of Turkology of Yassawe International Kazakh-Turkish University.  
abjet\_71@mail.ru

кітаптарда адамзат баласын әлемдік апаттан аман алып қалған пайғамбарлар туралы тараған діни әңгімелер мен аңыздар сол дінді қабылдаған халықтардың фольклорына да ауысты. Діни аңыздардың халық әдебиеті жанрларын кеңейтуге қосқан үлесі айрықша болды, әлемнің жаратылысы туралы діни аңыздар кейін әлемдегі көптеген халықтардың фольклорынан өзіне лайықты орнын алып үлгерді. Кейбір халықтардың шығарған жекелеген топан су жайлы аңыздары да кейін діни аңыздарға кірігіп кеткен. Дүниежүзіне тараған топан су жайлы аңыздың басым көпшілігі адамзат баласының күнәға батуы салдарынан жаратушының қаһарына ұшырады деп сипатталады. Діни аңыз бойынша адамзат баласының кесірінен жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы жойылып кетеді. Бір жағынан пайғамбар мінген кеме жер бетіндегі барлық өсімдік пен жануарлардың ұрығын сақтап қалушы, жаңарған әлемде жаңа тіршіліктің бастаушысы сипатында да көрініс тапқан. Аңыздың негізгі идеясы бір жағы жер бетіндегі адамдардың күнәға батуынан сақтау болса, екіншіден пайғамбар мінген кеме жаңа тіршілікті сақтап қалушы әрі жаңа өмірдің бастаушысы ретінде сипатталған. Бұл аңыздардың ішіндегі ең танымалы әрі әлемге кең түрде тарағаны – Нұх пайғамбарға қатысты аңыздар. Пайғамбардың жасаған алып кемесі мен оның адамзат баласын апаттан құтқаруы. Нұх пайғамбар әлемді құтқару үшін барынша үлкен кеме жасайды, жер бетіндегі барша құрлық бір сәтте теңіз астында қалады, тек жалғыз кеме ғана барлық тіршілік атаулыны аман алып қалады. Бұл да діни сенімдегі ақырзаманның бір көрінісі, Алла тура жолдан тайған адамзат баласын жазалайды, толассыз жауған жаңбыр құрлықты шайып өтеді. Кемеден басқа жерде тіршілік атаулы жойылады.

Философ әрі дінтанушы Мирча Элиаде топан су туралы айтылатын діни аңыздардың көпшілігінде әлемнің қайта жаңаруы, жұмаққа таңдаулы адамдардың ғана енуі туралы идея жатыр деп есептейді: «Речь идет о Страшном суде: только избранные будут жить в вечном блаженстве. Избранники спасутся своей верой в Священное писание: в борьбе с силами и искушениями этого мира они сохранили верность царству небесному. Еще одно отличие от космических религий: для иудейско-христианских религий конец мира есть часть мессианистского таинства. Для иудеев приход мессии возвещает конец мира и пришествие рая. Для христиан концу мира будет предшествовать второе пришествие Христа и Страшный суд. Но и для тех и для других торжество Священного писания, знаменуемое концом

мира, предполагает в какой-то степени возрождение рая. Пророки предсказывают, что мироздание обновится: и небо и земля будут новыми. Всего будет в изобилии, как в Эдемском саду» [1, 46].

Топан су жайлы кең тараған аңыз тек діни кітап негізінде дүниеге келмеген. Топан су аңызы көптеген халықтарда бұрыннан бар мифтік әңгімелер қатарына жатады. Ол туралы зерттеу жүргізген ғалымдардың барлығы да бұл аңыздың этникалық маңыздылығына тоқталады және оның діни аңызға тікелей қатысты еместігін де анықтаған: «Похожими являются и способы строительства ковчегов. Что это — вольное изложение одного и того же события, рассказ о разных региональных потопах или факты из истории о действительно имевшем место всемирном потопе, при котором сразу несколько представителей разных народов независимо друг от друга были предупреждены (или догадались, почувствовали сами) о надвигающейся опасности? По подсчетам этнолога Андре, в 1891 году было известно около восьмидесяти подобных легенд. Их, вероятно, насчитывается уже больше сотни причем шестьдесят восемь из них никоим образом не связаны с библейским первоисточником. Тринадцать мифов, притом разных, дошли до нас из Азии; четыре – из Европы, пять – из Африки; девять – из Австралии и Океании; тридцать семь – из Нового Света: шестнадцать – из Северной Америки; семь – из Центральной и четырнадцать – из Южной. Немецкий историк Рихард Хенниг заметил, что у различных народов «продолжительность наводнения варьируется от пяти дней до пятидесяти двух лет (у ацтеков) [2, 48].

Табиғи апаттардың ішіндегі адамзат баласының есінде айрықша сақталғаны да осы су тасқыны болған болуы керек. Басқа жер шарын шарпыған апаттар туралы аңыздар ел жадында сақтала бермеген. Орыс жазушысы әрі геолог-ғалым Р.К. Баландин бұл аңыздың идеясы тыңдаушысының назарын өзіне айрықша тартатындығымен ерекшеленетіндігіне тоқталады. «Идея всемирного потопа оказалась чрезвычайно привлекательной не только для служителей культа (да устрашатся люди гнева богов!), но и для философов и натуралистов. Конечно, находясь в здравом уме, невозможно поверить, что с небес хлынуло столько воды, затопившей всю сушу до самых высоких гор. В Библии высочайшей вершиной назван Арарат, и это показывает масштабы географических познаний творцов данного варианта легенды. Натурфилософы попытались обосновать компромиссный вариант: мол, потопа были неоднократно и распространялись на более или менее ограниченных территориях» [3, 58].

Таурат пен Инжілден орын алған Нұх пайғамбарға қатысты аңызды зерттеуге айрықша назар аударған ғалымның бірі – Дж.Фрезер. Бұл аңыздың шығу генезисі жайлы кезінде ағылшын этнографы Джеймс Джордж Фрезердің «Фольклор в Ветхом завете» атты монографиясында жан-жақты қарастырып өтеді. Ғалымның тұжырымы бойынша бұл аңыздар Тәурат дүниеге келместен бұрын-ақ, жер шарының әр түкпіріндегі халықтар арасында ерте дәуірлерде-ақ бар болғандығына көз жеткізеді. Ғалымның өзі негізінен теолог болғанымен өз зерттеулерін салыстырмалы түрде фольклорлық салада қарастырғандығын жазады: «Я подхожу к нему с совершенно другой стороны, а именно как к преданию. Давно уже известно, что легенды о великом потопе, в котором погибло почти все человечество, широко распространены по всему миру; все, что я попытался сделать, – это собрать и сравнить эти легенды, а также показать, к каким выводам приводит это сравнение. Короче говоря, я рассматриваю эти легенды с точки зрения сравнительного фольклора. Моя задача – раскрыть, как возникли эти рассказы и как они получили столь широкое распространение на земном шаре; я не касаюсь вопроса об их достоверности, хотя, конечно, вопрос этот нельзя совершенно игнорировать, поскольку речь идет о происхождении рассказов» [4, 37].

Дж. Фрезер өз еңбегінде дүниежүзінде кездесетін көптеген халықтардың топан су туралы аңыздарын мұқияттап жинақтап, оларға талдау жасаған. Алайда, көптеген зерттеушілердің топан су жайлы жазған еңбектеріне түркі халықтарының аңыздары кірмей қалған. Топан су туралы айтылатын мифтік аңыз түркі халықтары арасында да бұрыннан бар. Алайда осы уақытқа шейін бұл аңыздар Еуропа ғалымдарының назарына ілікпей келген болатын. «Бір заманда жердің жүзін топан су қаптағаны, адам, жан-жануарлар ұрпағы сол апаттан қалай аман қалып, кейіннен нәсіл көбейткені туралы әлемнің көп елдеріне тараған аңыздың шығуы себебіне, оның шындыққа қаншалықты қатысты екеніне Дж.Фрезер кеңінен тоқталған. Сол мол аңыздың иудейлер арасындағы нұсқасын басқа варианттармен салыстырып көріп, олардың бір бағытта туғанына көз жеткізеді. Сөз реті келгенде айта кетейік, топан су туралы аңыз қазақ арасында да сақталған. Мұнда жан-жануарлар ұрпағы әлгіндей сұрапыл кезінде Нұх пайғамбардың кемесінде тірі қалғаны, телегей тасқын басылған соң жер бетінде тіршілік қайтадан өрбігені туралы айтылады. Аңыздың халыққа кеңінен мәлім нұсқаларының бірінде Нұх пайғамбардың

кемесі тоқтаған жер Қазығұрт тауы болған екен деседі. Топан су хақындағы бұл аңыздың қандай негізден, қашан, қалай тарағанын анықтау - өз алдына бір мәселе», - деп көрсетеді академик Р.Бердібай [5, 326].

Түркі халықтары арасында тараған топан су туралы айтылатын мифтік әңгімелер Дж.Фрезер секілді атақты зерттеушілердің назарына ілікпей қалған болса, Нұх пайғамбар кемесінің Қазғұрт тауында қалғандығы туралы қазақ аңызының осы уақытқа шейін топан су туралы аңыздар каталогына кірмеуінің өзі - фольклор саласындағы топан су туралы аңыздардың әлі де толықтай жиналып бітпегендігін көрсетеді. 2000 жылдардың басында осы мифтік аңыздың негізінде Қазығұрт ауданындағы Қазығұрт тауының басына Нұх пайғамбардың кемесінің макет ескерткіші орнатылған болатын. Сол тұста Қазығұрт тауының басына ескерткіш ретінде тұрғызылған Нұх пайғамбардың кемесінің мүсіні бір кезде орыстілді басылымдар тарапынан орынсыз дау-дамайларға ұласқандығы жайлы академик О. Балабеков «Евразия» газетіне берген сұхбатында былай деген еді: «Осыдан 5-6 жыл бұрын Қазқұрт тауының басында Нұх пайғамбар кемесінің мүсіні қойылуы сол екен, Ресейдің, Қазақстанның кейбір орыстілді басылымдары мысқылдап мақалалар жариялады... Мен «Аргументы и факты» газетінің қазақстандық редакциясына телефон соғып едім, менімен сөйлескен тілші маған: «Нойдың (Нұхтың) ковчегі Қазақстандағы Қазқұрт тауына келгені күлкілі», - деп жауап қайтарды. Ғылымда бұрыннан қалыптасқан қағида бар. Ол, егер оппоненттің нақты дәлелі болмаса, зерттеушінің ғылыми нәтижелеріне қарсы бола алмайды. Мен осыны айтып, тілшіге: «Сіздің Нұх пайғамбардың кемесі Қазқұртқа келмегені, Арарат тауына немесе Саная түбегіне айлақтағанына қандай дәлеліңіз бар?» - деп тіке сұрақ бердім. Ол «Библияда жазылған ғой...», - деп кібірттеді. Мен: «Библияда Ной ковчегінің қай жерде қалғаны туралы бір сөз жоқ қой», - дедім. Тілші маманмен сөйлесіп тұрғанын болжамдап, телефонды қоя салды» [6, 3].

Осындай дау-дамайдың туындауы, оған өзге жұрттың түсінбестік танытуын бір жағы өзімізде бар аңызды кең көлемде таныта алмауымызда жатыр деп айтуымызға да болады, себебі мұндай аңыздың христиан діні дүниеге келместен бұрын байырғы замандардың өзінде-ақ қазақ жерінде болғандығын ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелдеп түсіндіруіміз керек еді. Ал, топан су туралы мифтік аңыздың тек қана бір елде емес дүниежүзінің барлық жерінде, көптеген елдің мифтік әңгімелерінде ұшырасатындығы қазіргі таңда

ғылыми түрде дәлелденіп отыр. Бұл сияқты мифтің шығуының астарында аспан мен жердің бір-бірінен ажырауы секілді хаостық түсінік жатқан болатын. Ендеше, топан су жайлы діни аңыз - мифтік түсініктен пайда болған деуге негіз бар. Ондай аңыздың тек әлемдік діндерге қатысы бар ма, жоқ болған жағдайда этникалық аңыздың шығу төркіні қайда жатқанын анықтаудың да маңыздылығы айрықша зор болмақ. Себебі, Нұх пайғамбардың Қазығұрт тауының басына келіп тоқтағандығы жайлы деректер Тауратта да, Інжілде де, Құранда және ислам дінінің діни аңыздарында мүлдем ұшыраспайды. Ал қазақ халқының арасына тараған аңыздарда Нұх пайғамбардың кемесінің Қазығұрт тауына тоқтағаны, сол тауға Нұхтың бұйрығымен «Қазық ұр» деген соң кеме қазыққа байланып тіршілік атауының осы кеме тоқтаған таудан басталғандығы, ал сол таудың «Қазықұр» деп аталғандығы туралы айтылған [7, 131].

Қазақ жерінде Қазығұрт тауына қатысты сақталған бірнеше аңыз ұшырасады. Енді бір нұсқасында Нұх кемесінің Қазығұртқа тоқтап өткендігі жайлы айтылады. Соның бірі мынадай: «Аспан мен жердің тиегі ағытылып, топан су жер бетін қаптағанда, Нұх ғалаейһи-уассаламның кемесі бір тауға аялдайды. Сөйтіп, ол араға төрт түлік мал мен жан-жануарларды түсіреді. Сол уақытта өркештенген бір толқын келіп кемені соғады. Нұх адамдарына:

- Қазық ұр, - деп, өзі де ұмтылғанша қазық ұрып, бекітуге толқынның екпіні мұрша бермей, кемені ойнатып алып кете барды. Содан кеме Үһіт тауынан бір-ақ шығып, сол жерде қалыпты» [8, 9].

Байқағанымыздай, қазақ аңызы бойынша Нұх пайғамбардың кемесі алдымен Қазығұрт тауына келіп тоқтайды да артынан араб жеріне қарай жылжып, Үһіт тауына барып біржола шөгеді. Мұндай аңыз көршілес Өзбекстан жерінде де кездеседі екен. Онда Нұхтың кемесі Нұрата тауына тоқтағандығы айтылады. Енді аңызға құлақ түрелік: «Жержүзілік топан су толас тауып, ылдиға қарай ағып сарқыла бастағанда биік таулар Нұх алейһиссалам пайғамбардың кемесі «Біз биікпіз, бізге табан тірейді» деп таласыпты. Бірақ Нұх алайхиссалам пайғамбар Ұлы Ұлық Жаратушыдан кемесін аласа таулардың біріне тоқтату жөнінде жарлық алады.

«Сірә, ең аласасы осы болар!» деп ойлаған Нұх алайһиссалам пайғамбар кемесін Арабия аумағындағы Жуда тауына бағыттайды. Алайда, періштелер сыбырлап, мұның ол іздеген тау емес екенін айтады. Содан кейін Пайғамбар Арарат тауына бет түзейді. Бірақ періштелер оның бұл бағыты да дұрыс емес екенін аңғартады. Енді ол



жүзіп отырып, Қазығұрт тауына жетеді. Періштелер бұл жолы да сапарды ары қарай жалғастыру керектігін білдіреді. Ақыры, Бұқара жерлерінде Нұрата деп аталатын бір тау табылып, Нұх ғалайһиссалам пайғамбардың кемесі соған келіп тұмсық тірепті. Сол себепті өзбектер үшін бұл ең қасиетті тау саналыпты» [8, 129-130].

Қазақ аңызында Нұх пайғамбардың кемесі алдымен Қазығұрт тауына тоқтайды да кейін араб жеріне қарай кетіп, Үһіт тауына барып біржола шөгеді. Өзбек аңызында Жуда тауына да, Араратқа да, Қазығұртқа да тоқтамай өте шығады, ең аласа тау ретінде таңдалған Нұратаға барып тоқтайды. Екі аңызда да кеме биік тауға емес, керісінше аласа тауға барып шөккендігі айтылады. Дегенмен, Нұх пайғамбармен байланыста айтылатын барлық аңыздар қазақ және өзбек жеріне ислам діні арқылы келгендігі анық. Бұрынғы түркі халықтарында сақталған топан су туралы мифтік әңгімелер кейін ислам аңыздарындағы Нұх пайғамбарға байланысты айтылатын топан су туралы аңызбен бірігіп кеткен, соның салдарынан бастапқы түркі аңыздары ұмытылып қалған деп тұжырым жасауға болады.

Қазақ халқында топан судан кейін киелі таудың шарапаты негізінде төрт түлік мал және аң мен құстың өсіп, көбеюіне осы Қазығұрт тауы негіз болғандығы жайлы мынадай өлең жолдары сақталған:

Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?  
Жетім тайлақ үстінде қалып кетіп,  
«Уәйіс ата әулие» содан болған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?  
Қыршаңқы тай үстінде қалып кетіп,  
«Қамбар ата» әулие содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?  
Қотыр бұзау үстінде жатып қалып,  
«Зеңгі баба әулие» содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?  
Ақсақ қозы үстінде ойнап қалып,  
«Шопан ата әулие» содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?  
Қосқұлақ лақ үстінде ойнап түсіп,  
«Сексек ата әулие» содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?  
Баян деген балапан шөпке қонып,  
«Шегір баян әулие» содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?  
Ала күшік үстінде ыршып түсіп,  
«Құмай тазы пір» болып содан қалған.

Ежелден бері қазақ халқында сақталып келе жатқан бұл өлеңде Нұх пайғамбардың аты ұшыраспайды. Алайда бұл өлең де ислам дінін қабылдаған қазақтардың соңғы ғасырларда шығарғаны байқалады. Өлеңде ұшырасатын «Қамбар ата», «Уәйіс ата», «Сексек ата» секілді сопылық ілімдегі адам аттары, тариғат жолындағы әулие, пірлердің, мал бағуды кәсіп еткен сопылардың есімдері ұшырасады. Бірақ байқағанымыздай бұл өлеңдерде де Нұх пайғамбар туралы ештеңе айтылмаған. Оның үстіне өлеңнің алдыңғы шумақтарында «Қазығұрттың басында кеме қалған» деп кемеңіздің Қазығұртта қалғанын бірнеше рет қайталап отырады. Демек қазақтардың көне аңыз бойынша кеме Қазығұрттың басында қалған. Бүкіл тіршілік атаулы Қазығұрт тауына келіп шөккен кемеде жан сақтаған жан-жануарлар негізінде пайда болған делінеді. Қазығұртқа байланысты айтылатын аңыздардың барлығында бірдей Нұх пайғамбардың аты кездесе бермейді.

Соған қарап Қазығұрт тауы мен топан суға байланысты қазақ арасына тараған аңыздарды исламға дейінгі және исламнан кейінгі деп екі топқа бөліп қарастыруға болады. Кейінгісі Қазығұрт тауы мен топан судың басуы жайлы байырғы түркілік аңыздар мен мифтер және ислам дінін қабылдағаннан кейінгі қазақтарға тараған Нұх пайғамбардың кемесінің Қазығұрт тауына келуі жайлы аңыз. Алдыңғысында исламға дейінгі діндердің негізінде Нұх пайғамбар туралы пайда болған шығыстық діни аңыздардың қазақ аңызымен араласып кетуі, соның салдарынан байырғы түркілік аңыздардың ұмытыла бастауына әкеп соқтырады. Топан суға байланысты байырғы

қазақ аңыздары ішінде «Қазығұрт ата», «Тақуа Жайық хан» сияқты мифтік әңгімелер сақталған. Бұл аңызды исламға дейінгі Қазығұрт тауын мекендеген қазақтардың байырғы ата-бабалары шығарған аңыздары деп қарауымыз керек. Қанша ғасырлар өтіп, кейін қазақ халқы ислам дінін қабылдағаннан соң да ежелгі аңыздар ел жадында сақталып отырған. Әрине, бұл аңыздар сол таза күйінде бізге жеткен деуге келмес, бірақ көне нұсқаның қаңқалары бәрібір ел жадынан өшіп кетпеген. Мұның өзі әлем халықтары шығарған топан су туралы мифтік аңыздар ішіне қазақтың Қазығұрттың басында кеме қалғандығы туралы аңызын да каталогқа енгізіп, сол діни және мифтік аңыздар қатарына қостыруымызға болады деген сөз. Ол үшін Қазығұртқа қатысты аңыздарды ыждағатты түрде жинап, соны ғылыми негізде жүйелеп, дүниежүзілік топан су жайлы тараған аңыздар арасындағы өзіндік ерекшелігін анықтап көрсеткеніміз дұрыс. Нұх пайғамбарға дейінгі және ислам дінінен кейінгі қазақтар арасына тараған аңыздарды саралап, байырғы көне аңыздарды жіті талдағанымызда ғана көне пайғамбарлар туралы әр халықтың өз аңыздарының сырын ашуға болады. Енді сол исламға шейінгі тараған аңыздарды қарастырып көрелік.

Ескі мифтік аңыздар қатарына Қазығұрт ата мен Жайық хан туралы әңгімелерді жатқызуға болады дедік. Бұл көне мифтегі Қазығұрт ата мен Жайық хан туралы аңыздардың басты ерекшелігі - елді апаттан, аштық пен аурудан сақтаушы абыз-аталар функциясын атқарады, ел қырғынға ұшырап, тау етегінде өмір сүріп жатқан елдің басына зұлмат келгенде жойылудан аман сақтап қалады, осылайша халықтың игілігі үшін туылған қасиет иесі ретінде сипатталған. Сол аңыздың енді бірі былайша баяндалады: «Ертерек уақытта тауда Қазығұрт Ата деген ел қамқоршысы өмір сүріпті. Ол халық ішіндегі кембағал мен қаріп-қасерлерге жанашыр, әулие болыпты. Сондықтан да көпшілік оны құрметтеп, дау-жанжалды шешкен әділ билігіне тоқтап, бас иеді екен. Қазығұрт Атаның ақылымен неше түрлі бәлекеттерден ел аман қалыпты.

Таудың «Кеме қалған» деген бірінші өркешінде Қазығұрт Атаның бейіті бар. Тауға шыққан адамдар сол араға бір-бір тастан қойып кетуді әдетке айналдырған. Қаншама адам шыққанмен, олар тастағаннан пайда болған үйінді тас көбеймейді де, азаймайды да. Бір қалыптан айнымайды» [6, 59].

Бұл аңызды Қазығұрт тауы жайлы айтылатын ең көне аңыздар қатарына жатқызуға болады. Бейіт басындағы үйінді тасқа қаншама

жылдардан бері адамдар тас тастауды әдетке айналдырғанымен оның басындағы тастың не көбейіп, азаймауы Қазығұрт әулиенің киесінен деген ұғымнан туған. Бір жағы көне архаикалық мифтің ізі сақталған. Себебі әлемнің хаостан пайда болуы, ұшы-қиыры жоқ алып теңізден аспан мен жердің бөлінуі, алдымен Қазығұрт тауының ұшы көрініп, төрт түлік мал мен жан-жануарлардың пайда болып, бүгінгі тіршіліктің бастауы сол таудан басталған деген сияқты мифтік әңгімелер әлемнің көптеген халықтарында кездеседі. Әлемнің хаостан пайда болуы турасында пайда болған мифтер жайында академик С.Қасқабасов былайша түсінік береді: «Әдетте, архаикалық мифте аспан мен жер бөлінбей тұрғанда әлем шым-шытырық хаос болып суреттеледі. Ал, хаосты, көбінесе, қараңғы түнек, немесе түн, кейде ұшы-қиыры жоқ түпсіздік (зияющая бездна), я болмаса ұлан-ғайыр мұхит ретінде бейнелейді. Осындай хаостың тәртіптелген космосқа айналуы – түнектің жарыққа, судың құрылыққа, түпсіздіктің затқа айналуы болып көрсетіледі» [9, 84].

Қазығұртқа байланысты туған миф те дәл осындай негізде дүниеге келген. Яғни, сыртқы діннің әсері болмай тұрған кезде пайда болған архаикалық мифке жатқызуымызға болады. Оның «Таурат» пен «Інжілдің» ішінде айтылатын Нұх пайғамбарға тікелей қатысы жоқ. Себебі, Оңтүстік Қазақстан аймағында өмір сүрген қазақтар ешқашанда еврит дінінде болмаған, христиан дінін қабылдағандығы турасында да деректер ұшыраспайды. Сонда Нұх пайғамбар қазақ даласына қайдан келген? Бұл пайғамбардың атын қазақтар ислам дінімен бірге қабылдаған. Діни аңыздың жергілікті аңызға сыртқы түрі өте ұқсас болған соң көне аңыз біртіндеп ұмытыла бастағанға ұқсайды. Осылайша Қазығұрттағы «кеме қалған» аңызы Нұх пайғамбар аңызына жалғасады. Исламға дейін Қазығұрт тауының баурайында мекен еткен халықтар арасында зороастризм діні таралғандығы турасында біршама дерек бар, археологиялық қазбалар да табылды. Таудың төбесінде зороастризм дініне қатысты крест болғандығы қазіргі күнде дәлелденіп отыр. Ол туралы М.Хашимов былай деп жазады: «Однако горных элементов, остатков зороастризма, можно также наблюдать на территории южного Казахстана. Пологаю и невысокая гора Казгурта в южно Казахстанской области считается среди местных жителей священной. Здесь найден огромный каменный крест. Когда измеряли это гигантское сооружение, выяснилось что длина каждой «перекладины» этого равностороннего креста – 47 метров, ширина 2 метра. Находится он внутри каменных сооружений концентрический

окружности, диаметр которых 100 и 120 метров. По мнению старшего научного сотрудника Шымкентского областного музея В.И.Горянова, этот зороастрийский крест был ритуальным сооружением последователей пророка Зоратуштры. В дни ритуальных праздников зороастрийцы разжигали огни на концах креста и на окружностях. Напротив Казгурта на горе Каржамбастау был обнаружен еще один ритуальный зороастрийский символ – трезубая «вилка» длиной 2 км. На всем протяжении вдоль этого трезубца в дни равноденствия солнца разжигались костры, таков был ритуал контакта с их главным богом Ахурамаздой. Светящийся знак такого размера был замечен даже из космоса» [10, 84-85].

Демек, Қазығұрт басындағы топан суға қатысты айтылатын аңыздың зороастризмге де қатысы болуы мүмкін. Ол туралы кейінірек тоқталатын боламыз. Жоғарыдағы «Қазығұрт Ата» аңызында жерді топан су басқандығы, құданың күдіретімен кеме жасағандығы айтылмағанымен, елді пәле-жаладан аман алып қалғандығы, өзінен пана іздеп келген елге құдайға құлшылық етіп тәубаға келтіру арқылы халықты пәледен аман сақтағандығы туралы мына екінші аңызда толығырақ берілген: «Қазығұрт әулие қартайып, шашын ақ шалған сәтте Алатау баурайындағы елге апат келеді. Ел бірін-бірі тонап, зорлық көбейіп Тәңіріге бағынбай қойғандықтан Тәңірі оларға жыландар мен шаяндарды жібереді, аспаннан у аралас жаңбыр жабады. Осылайша жасағанның қаһарына ұшыраған адамдар қырғынға ұшырайды. Адамдардың көбі өліп, азы қалады. Тірі қалғандары Алатаудың батыс баурайына көшіп, Қазығұрт әулиеге келеді. Істеген күнәлары үшін пұшайман болып, күнәсі үшін Тәңіріден кешірім жасап, рақым етуін өтінеді. Қазығұрттың дұғасын қабыл еткен Тәңірі адамдардың күнәсін кешіреді. Осылайша Қазығұрт адамдарды тура жолға салады. Қазығұрт таудың басын мекен еткендіктен Қазығұрт тауы атанады [7, 132-133].

Ата-баба рухына табыну түркі халықтарында бұрыннан бар және бұл ырым кейінгі кезге шейін сақталып қалды. Жалпы түркі тайпалары көшпелі өмір салтын ұстанғаны белгілі, топ-тобымен бір жерден екінші жерге көшіп жүретін болғандықтан бұларда бар дүние ортақ боп есептелген. Сондықтан да әркім өз күнәсі үшін жеке жауап бермейді, сол жерді басқарып отырған ру ақсақалы қарамағындағы елдің бәрі үшін өзі жауап беретін болған. Оған бағынышты тайпа адамдары ру басы ақсақалының рұқсатынсыз өз бетінше әрекетке бармаған. Коллективті түрде бірге тұрып, бірге жатып, аң етімен,

өздері баққан малдың еті және сүтімен қоректеніп, киіз үйде ортақ жағдайда өмір сүргендіктен әрбір шешім кеңесу арқылы шешіліп отырған. Бұл көрініс топан су туралы аңызда да көрініс тапқан. Мұндай көрініс тек қазақ аңызында ғана емес, басқа түркі халықтарының мифтік әңгімелерінде де көрініс тапқан. Мысалы, Қазығұрт Атаға қатысты айтқан жоғарыдағы аңызда дәрменсіз болған ел көмекті келіп Қазығұрт атадан сұраса, башқұрттардың «Орал батыр» эпосында жер бетін топан су басқан кезде Құмай да, хайуанаттар да Орал батырдан келіп көмек сұрайды:

Тот выпустил Хумай.  
Самого же Заркума он не поймал,  
Удалось ему спастись.  
Вернувшись [к Уралу], Хумай  
Тайну [Шульгена] открыла [ему],  
Понял в чём дело Урал.  
«Брат мой оказался врагом», —  
Подумал он про себя  
Высох бушующий поток —  
У посоха не хватило сил

3 210. Против Акбузата устоять.  
Встретились Заркум с Шульгеном, говорят,  
Вместе отправились в [путь],  
Пришли к Азраке, говорят,  
Опечалился Азрака,  
Дивов всех созвал,  
Охрану выставил у дворца.  
Шульгену и Кахкахе,  
Заркуму и дивам четырём [10]

3220. Повелел возглавить войска.  
Чтобы по земле люди не могли ходить,  
Повелел дивам своим  
Землю водой затопить,  
Небо пламенем объять.  
И вот однажды всю  
Землю залила голубая вода,  
Небо красным полыхающим  
Пламенем-огнём залилось.

3 230. В небе птицы не могли летать,  
Ни одна душа места себе не находила на земле,

Измучились, и страдались все.  
[И вот] птицы и звери,  
На земле падишаха-змея жившие,  
Все вместе собрались,  
С мольбой к Уралу пришли.  
Не растерялся Урал,  
Ни воды, затопившей землю,  
Ни огня, охватившего небо,  
3 240. Не испугался совсем —  
Вскочил на Буза верхом,  
Взял в руку булатный меч,  
Против дива-падишаха  
Начал кровавую войну [11, 420].

Орал батыр өзінің ақбоз атына мініп қараңғылық құдайымен соғысып, елді апаттан құтқарады.

Қазақтарда сақталған «Тақуа Жайық хан мен әлемдік топан су қаптауы туралы аңыз» атты топан су жайлы әңгімеде Жайық атты Тәңірі адамдар арасында өмір сүреді. Үлкен Тәңірі оған сандал ағашынан кеме жасауды бұйырады. Жайық өзінің Созұн-ұл, Сары-ұл және Балықшы деген ұлдарына кемені тау үстіне шығарып жасауды бұйырады. Кеме дайын болған соң оған барлық тіршілік иелерін салып су атқылай бастағанда, сексен құлаш арқан бойы көтерілген кезде, кеме жүзе бастайды. Алдымен он төрт күн жүзген соң Жайық-Нама Созын-ұлдан түндікті ашып қарауын бұйырады. Ештеңе көрінбеген соң тағы бірнеше күннен кейін түндікті ашуды бұйырады. Кеме бір тауға келіп тоқтайды ол Қазығұрт тауы екен. Жайық-Нама алдымен еркек қарғаны сосын ұрғашы қарғаны ұшырады. Екеуі де қайтып келмейді. Үшінші күні сауысқанды жібереді, одан да пайда болмайды. Төртінші күні көгершінді ұшырады, ол біраз уақыттан соң бұтаны тістеп оралады. Жайық-Нама өзінің бұрын ұшырған құстарын сұрағанда ол еркек қарғаның өлексенің көзін шұқып жатқанын, ұрғашы құстың сол өлексенің көтенін шұқып жатқанын, ал сауысқанның өлген аттың арқасын шұқып отырғанын айтады. Жайық-Нама олар өле-өлгенше соны істесін деп бұйырады. Топан су басылған соң адамдар Жайық-Наманы «Жаратушы» деп атай бастайды. Ол қайтыс болған соң оған құрбандық шалып отырады. Үлкен Тәңірдің шапағатына бөленген оның ұлдары Тау әулие, Шау әулие (дала әулиесі) және Тірле – Тірілтуші деген аттар алады. Барлық түрік

халықтары Жайық-Наманы Жайық хан деп атап көктемде биік таудың басында ақ қой шалатын болған.

Қандай да бір кісі өлсе қырқыншы күні киіз үйді аластап, Жайық ханға жалбарынады, марқұмның төсегіне ажалды бейнелейтін әтешті байлап қояды. Мал басы көбеймесе де Жайық ханға сиынады. Өйткені, қайтыс болған туыстар малды өздерімен бірге өлгендердің мекеніне алып кетеді, ал құрбан шалынса, Жайық хан ол жақтан малды топан сумен айдап шығып, кері қайтарады деген наным болған» [8, 97-99].

Байырғы түркілердің сеніміне қарағанда жер бетіне топан су жіберетін құдай - Жайық ханның өзі. Түркі халықтарында әсіресе, Сібір мен Алтай халықтары арасында Жайық жаратушы құдай дәрежесінде орын алған. Ол турасында С.Қондыбай былай дейді: «Жайық (Яик) – оңтүстік алтайлықтардың мифтік келтіріліміндегі жаратушы тәңіріе. Яйик – кан (немесе Талай-кан) – алтайлық түркі мифологиясындағы жоғарғы рухтар – «йер-сулардың» қатарында аталады, яғни ол – қайырлы рух.

Дзалчи сияқты, Йайашы да – «аспан тәңіриесі» (небесное божество), «жасампаз құдай» (Бог-творец), ол да – «өзінен-өзі жаратылған», «барлық нәрсені жаратушы», адам тағдырының тәңіриесі, аспан еркі (ырқы) ретінде байлық пен бақ, бақыт беруші, дүние-мүлік пен малдың қорғаушысы болуы тиіс. Туба-кіжілердің мифологиясы бойынша, Жайық (Яйык) жоғарғы жарқын тәңірие Үлгеннің баласы болып есептеледі» [12, 323].

Жайық туралы аңызда оның жер бетіндегі тіршілік атаулыны аман сақтап қалушы әрі ол шамандық наным бойынша о дүниеде де барлық жандарға иелік етуші тәңірі сипатында да келіп отырады. Тағы бір аңызда: «Тақуа Жайық-Нама және оның үлкен ұлы туралы аңыз» деп аталады. Ол былайша басталады: «Тақуа Жайық-Наманың Балықшыдан басқа екі ұлы Созан-ұл мен Сары-ұлға Үлкен Тәңір батасын беріп, оларға былай деген: «Сендерден зерделі ұрпақ ғұламалар мен пайғамбарлар, патшалар мен хандар өріп тарайды. Ал Созан-ұлды өлгеннен кейін Аспанға өзім аламын». Сосын Сары-ұлға қарап: «Мен сендерге көктен патша жіберемін. Ол патшалардың патшасы болады. Күшінің ғаламаттығы сонша, онымен ешқандай батыр теңеспейді. Ол патшаларға қарсы соғыспайды. Барлық халық оған бейбіт түрде бағынады. Оның Телегей батыр (теңіз, зор күш иесі), Төлім батыр (Тілбеш) және Тенен-ұл деген үш баһадүрі болады» дейді.



Жайық-Нама қусаған шал болып қартайған шағында әйелі оған жер жүзін топан су басқан кезде өзі құтқарған барлық адамдар мен жан-жануарларды өлтіруге кеңес береді. Себебі, олар өмірден бұдан ертерек кетіп, о дүниеде мұның билік жүргізетін қауымы болуы керек екен. Әйелі күндіз-түні осы әңгімені құлағына құя берген соң тақуа Жайық-Нама да сұмдық пиғылға бекініп, бейімделе бастайды. Мұны біліп, сезгенмен Созұн-ұл әкесінің бетіне тура келіп, шешесінің қитұрқы қастандығын әшкере етуге батпаған еді. Тек бір күні ол әкесіне:

– Адамдарды тірілей жұтқалы жатқан қара көк сиыр көрдім, сыртта салақтап сирағы ғана қалған екен, - дейді. Тақуа Жайық-Нама ұлы айтқан тәмсілдің сырын бірден ұғып, әйелін қылышпен қақ бөледі. Осылайша залым әйелін өлтірген ол Созұн-ұлға:

– Мен Көкке сені де ала кетемін, – дейді де, өзі шырқау биікке самғап, ғайып болады. Үш күннен соң Созұн-ұл жоғалып кетеді. Жаратушы Жайық-Нама оны Көкке бес жұлдыздан тұратын шокжұлдыз етіп іліп қояды.

Ал Жайық-Наманың өзі Үлкен Тәңір мен адамдардың арасын жалғастырушы дәнекер. Ол адамдарға Үлкен Тәңірдің – Көк Құдайының шапағатты баталарын жеткізіп, ауру-сырқау мен кесапат-қырсықтан құтылу сырларын ашады» [8, 99-100].

Бұл аңызда да жаңбыр бар, күнәға батып құдайды ұмытқан елді жаратушының жазалауы бар. Шамандық наным бойынша өлген ханның қасына бүкіл құлдары мен жылқыларын қоса көму салтының көрінісі де бар. Бұл о дүниеге барғанда қасындағы құлдары мен нөкерлері, жылқылары көмекші болады деген ұғымнан туған дүние. Бір жағынан қазақтың бұл аңызы зороастризмге кіріккен Йима (Жәмшид) патшаның топан су туралы аңызына жақын келеді. Аңызда солтүстікте тұратын арийлардың Күнге қарай яғни, оңтүстікті иемденуге келе жатқандығы айтылады. Онда былай дейді: «Ахура Мазда устроил собрание в славной земле Арьяна-Вайджа, у реки Вахви-Даити и сказал Йиме, что на мир наступают зимы, а от них смертельных холод. Выпадут тучи снега, а потом, из-за таяния снега потекут воды. И повелел он Йиме построить «Вар, размером в бег» и внутрь принести красные священные огни, семя вкуснейших и благовоннейших растений, семя прекраснейших самцов и самок животных, всех по паре и собрать туда людей. Не посоветовал Мазда брать а Вар уродливых, порочных и больных, ибо они носят на себе знак осквернения Ангра Майнью. В Вар велел он провести воду,

устроить там луга, всегда зеленеющие, где поедается нескончаемая еда, там построить дома и помещения для скота. Так и сделал Йима, вылепив Вар из глины. Состоял Вар из трех кругов: в первом круге сделал Йима девять проходов, в среднем – шесть, во внутреннем – три. Согнал он мужчин и женщин в Вар золотым рогом и закрыл Вар «дверью-окном, освещающимся изнутри», причем это место освещалось и нерукотворным и неким «сотворенным» светом. Веру же маздаяснийскую приносила в Вар птица Каршипта. Так и спаслось человечество» [13, 57-58].

Жалпы арий аңыздарымен қазақ мифінің арасында жақындықтар бірден көзге түседі. Жоғарыдағы арий тайпаларының аңызы бойынша жер бетін қалың қар басып қалады. Осы қалың қардың құрсауында қалған табиғат қатты зардап шегеді. Осыған ұқсас аңыз қазақтарда да ұшырасады. Қазақ халқында «Ұмай» атты мифтік аңыз бар. Ол аңыз былай басталады: «Есте жоқ, ерте заманда алып Алтай тауын қоныстанған бір қауым жұрт болыпты. Олар жыныс орманды жамылып, аң аулап күнелтеді екен. Бір жылы қыста кенеттен қалың қар жауып, ел ауыр апатқа ұшырапты. Тек аю терісін жамылып аң аулап кеткен Аю батыр ғана терең үңгірге тығылып аман қалады. Қар тоқтаған соң тас үңгірден шыққан Аю батыр "тірі қалған жан бар ма екен" деп, жұтаған қауымның жұртын кезіп келе жатып, көк бөрінің бір үлкені қар астынан қазып шығарып жатқанын көреді де "айырып алайын" деп айғайлап ұмтылады. Ол таяп келгенде, көк бөрі өлікті тастай салып, көк сағым болып, көкке ұшып кетеді. Ақ қардың бетінде айдай сұлу бір қыз жатады. Бұл бөстекке оранған бойы қар үстінде қалған "Айсұлу" атты ару екен. Ол өкпесі бүлкілдеп, тірі жатыр, оның уыздай денесіне бөрінің тісі тимепті.

Қуанышы қойнына сыймаған Аю батыр ай даладан табылған Айсұлуды көтеріп, тас үңгірге әкеледі. Бойына жан кіріп, көзін ашуын күтіп, ұзақ отырады. Бірақ ол бейне қатты ұйқыда жатқан адамдай сұлық жата береді. Күте-күте көсегесі көгеріп, шыдамы таусылған Аю батыр үңгірдің аузына шығып, айналаға көз салады. Құрық бойы қар басқан төрт төңірек тып-тыйпыл, тым-тырыс, жер бетінде қыбыр еткен жан жоқ.

Әбден дағдарған Аю батыр осыншама қалың қарды жауғызған көкке қарап налиды. Сол сәтте көк төсінде ұшып келе жатқан екі құсты – Ұмай мен Құмайды көреді. Олар бірте-бірте төмендей ұшып, үңгірдің аузында тұрған Аю батырдың басын сипай өтеді де, екі кесек тас тастап кетеді. Бұл тастың бірі ақ, енді бірі қызыл тас екен. Бұған

таңданған Аю батыр бұл екі тасты қолына алып, бірін-біріне ұрады. Бұл шақпақ тас еді, ұрылғанда жарық етіп ұшқан ұшқын үңгірге тығылған қу шөптер мен шірік қоқырға тиіп, тұтанып жана бастайды.

Осы кезде үңгірге құс бейнесінде ұшып кірген Ұмай ақ шашты анаға айналады да, қу шөпшектерді құшақтап әкеліп салып, жеңімен желпіп, отты маздатып жібереді. Жанған отқа бойы жылынған Айсұлуға ақырындап жан кіреді. Ол басын көтеріп, орнынан тұрып, өзін өлімнен құтқарған отқа, от анасы Ұмайға иіліп сәлем етеді, сиынып, алғыс айтады. Бұған сүйсінген Ұмай ене, екі алақанын отқа қақтап, Айсұлудың бетіне басады. Онан соң Айсұлудың қолын әкеліп, Аю батырға ұстатып: "Енді екеуің бас құрап, түтін түтетіп, үй болыңдар, өрен-жарандарың көп болсын! Оттарың өшпесін!" – деп бата беріп, көзден ғайып болады...» [14, 47]

Екеуі үңгір ішінде тоңып қалған қоянды жеп жазға шейін жан сақтайды. Аю батыр аң аулап күнелтеді. Айсұлу егіз-егізден құрсақ көтеріп, көп балалы болады. Олардың ұрпақтары рулы елге айналады.

Екі мифтік аңыздың бір-біріне ұқсас жері - қалың қар құрсауында қалуы. Тіршілік атаулының жойылуына жер бетін басқан топан су емес қалың қардың түсуі себеп болады. Бұл мұздық кезенді (ледниковый период) көрсетеді, ал бұл мифтік аңыз басқа халықтардың топан су жайлы аңызында кездеспейді. Демек, арий тайпалары солтүстіктен оңтүстікке қарай көшкен кезеңде бұл аңызды өздерімен бірге Үндістан мен Иран жеріне ала барған деп жорамалдауға болады. Себебі, Үндістан жерінде қалың қар түспейтіндігі белгілі. Қазақ мифіндегі Алтай тауы қалың қардың құрсауында жататын және қысы ұзаққа созылатын климаты күрт континенталды аймақтың тауына жатады. Демек, арийлер мен байырғы түркі халықтарының аңыздарында біршама байланыстар сақталып қалғанға ұқсайды. Арий тайпалары кезінде солтүстіктен оңтүстікке қарай қоныс аударғандығы тарихи шындық. Қазақ пен үнділердің топан су жайлы аңызын зерттеген Ә.Балқыбек мынадай тұжырымға келеді: «Біздің қолымызда Нұх есіміне қатысты тағы бір болжам бар: «Болмыс кітабындағы («Библияның» бір тарауы) Топан су – финикей, әлде семит немесе жебірей аңызы. Бірақ кейіпкері Нойдың есімі арийлердікі. Бұл есімнің еш өзгеріске ұшырамай бастапқы арийлік мағынасын сақтап қалғандығы таңғалдырады. Ол барлық арий тілдерінде «су, «ағын» деген мағыналарды білдіреді. Түбірі «на» (Игнатиус Донелли. Атлантида. Мир до потопа. Стр-94). ...Әзірге арийлерге қатысты ешкім таласа алмайтын бір ғана шындық белгілі. Ол арийлердің кезінде (б.д.д. I-II

мыңжылдықтар аралығы) Қазақстан территориясынан, Каспий, Арал маңынан кеткендігі. Егер топан су туралы аңыз арийлер арасында, олар жаңа мекенге қоныс аудармай тұрып-ақ пайда болған деген пікірге сүйенетін болсақ, түркілер арасында Жылауық пайғамбар жайлы әңгіменің кездесуі оншалықты кездейсоқтық емес екендігін байқаймыз. Өйткені, түркілерді арийлердің тікелей мұрагері деп есептемеген күннің өзінде, олардың орнын басқан халық ретінде түркілердің жергілікті жер-су атауларына қатысты аңыз-әңгімелерден бейхабар қалуы мүмкін емес-ті» [15, 3].

Қазақ жеріндегі топан су туралы тараған аңыздың бәрі ислам дініне қатысты еместігін қазақ зерттеушілері де байқаған. Оның сюжеті исламдық аңыздан гөрі көне үнділік аңызға жақын екендігін С.Қондыбай да өз зерттеуінде баяндап кетеді: «Известно, что так называемые «библейские легенды» о потопе географически локализованы в ближневосточном регионе, приурочены к конкретной горе – Арарат, что на северо – востоке Турции. Поэтому существование казахстанского варианта требует своего объяснения. Учитывая, что библейская легенда о потопе восходит к шумеро-аккадскому мифу о Зиусудре (Ут-напишти), свидетеле топопа, можно предположить, что казыгуртский вариант прямо связан не с исламско-христианской (библейской) легендой, а именно с шумерской или древнеиндийской (о Ману)» [16, 147].

Арий тайпаларында сақталған аңыздардың түркі халықтарының нанымына қатысты тағы бір тұсы бар. Онда адамдарға жіберетін боран мен қолдан қар жауғызу апаты жаратушы тарапынан жіберілмейді, оларға өшіккен бақсының, сиқыршының істеген амалы ретінде сипатталады: «В иранском мифологии морозы и ливни, вызвавшие потоп, посланы на людей колдуном, но первочеловек Йима был заранее оповещен о нем Ормоздом и принял меры к спасению человечества. Ливни (или снегопад) длятся 3 или 7 лет (сакрально отмеченный период времени, также характерный для мифологического сюжета), после чего люди и твари, спасенные Йимой, вновь заселяют землю. Ливень, покончивший со старым миром и положивший начало новому, может рассматриваться как древний эсхатологический мотив [Christensen, 1934, 58], а Йиме соответственно отводится эсхатологическая роль. Описание построенного Йимой для спасения мира убежища – вара Иимкард [«построенный Йимой»], в котором находится все лучшее, нет болезней и несчастий, а жизнь человека длится 300 лет» [17, 18].

Бұл секілді дұға оқып аспаннан қар жауғызу ертедегі шаман бақсыларында көп болған. Шыңғыс хан әскері де бұл тәсілді көп қолданған. «Жәділеу, күн жайлату, арбау түріктерде X ғасырдан бастап туа бастайды. Жәділеудің кейбір түрін Рашид-Әддин келтірген. 1220 жылы Үгедей хан Қытайға жорық жасайды. Қытай патшасы Су-Сэ Нанкинге көшкен еді. Төлені Таңғұтқа (Тибет) жіберіп, өзі қызыл тақиялы (декеле) деп аталатын ел ортасымен аттанады. Төле әскері шөлмен жүргендіктен ашығып, әскер адам мүрдесін жеуге дейін барады. Қара мүрен жағасындағы Хечжун дейтін қаланы қоршайды. Арып-ашыған Төле әскері жеңіліп, қашады. Құғыншы тіпті көп еді. Сонда Төле өзінің сиқырлы қаңлысын шақырып, күн жайлатады. Үш күндей қар, жаңбыр жауып, Қытай әскері сай-сайда ұйлығып, үсіп өле бастайды. Сол кезде Төле әскерінің аяғына киізден кебенек кигізіп қайта шабады да, Алтынхан әскері жеңіліс табады»[18, 118].

Шамандардың боран соқтырып, қар жауғызатын қасиеті туралы «Шахнама» дастанында да айтылған. Зәрдушт пайғамбардың қасиеттерімен қаруланған Исфандияр шамандық киеге қарсы соғыс бастайды. Бірде Исфандиярдың әскеріне қарсы жәдігөйлердің кесірінен жаздың ыстық күнінде үш күн ұдайы боран соғып, үздіксіз қар жауады. Исфандияр әскеріне құлшылық етулерін талап етеді де, қар сап тыйылады. Қарды «жады» деп аталатын тастың күшімен түркі тайпаларында жазды күні қар жаудыратын бақсылардың болғандығын айта кеткен жөн. Ол туралы дерек М.Қашқарида да кездеседі. Онда мынадай сөздер бар: «- jat – емғир, шамол ва бошқаларни талаб қилиш учун махсус ташлар (яда таш) билан фол очыш одатидир. Бу одат улар орасида кенг тарқалгандир. Мен буни яғмолар шахрида өз көзим билан курдим. У ерде пайда болган бир енғинни сундириш учун шундай фол килинган эди, худонинг амри билан ёзде қор еғди. Куз олдимда енғинни сундирди») [19, 8].

Демек, топан суға қатысты Қазығұрт тауында қалған деп аталатын Нұх пайғамбардың кемесі туралы аңыздың шығу төркіні тым ерте дәуірлерден басталатындығын аңғаруға болады. Қазақ аңызында да Нұх пайғамбардың аты кездескенімен ол Қазығұрт тауына қатысты айтылатын барлық аңыздарда бірдей ұшыраса бермейтіндігіне көз жеткізуге болады. Нұх пайғамбардың аты кездесетін аңыздар ислам дінінің әсеріне ұшыраған, христиан мен ислам аңыздарының ықпалына түскен, сөйтіп байырғы қалпын жоғалта бастаған аңыздар деп қарастырамыз. Оған дейінгі көне аңыздарды арий тайпалары көшпей тұрғанда шыққан мифтік ұғым аясында қарастырған дұрыс. Қазақ

даласында сақталған топан су жайлы аңыздың шығу тарихын зороастризм дінімен байланыстыра қарастыруға болады. Нақтырақ айтқанда, Арал теңізі мен Оңтүстік Қазақстан аймағын мекен еткен арий тайпалары Қазақ жерінен оңтүстікке қарай көшпей тұрған кезеңде бұл аңыздар дүниеге келген болуы керек. Қазақ жеріндегі аңыздар хатқа түспегендіктен, тек қана ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарағандықтан заман ағымына қарай өзгеріске түскен де болуы мүмкін. Солай болғанның өзінде де топан су туралы Қазығұрт аңыздары өз бойына бұрынғы көне нұсқаларын да қатар сақтаған, параллельді түрде осы күнге шейін жеткендігін көреміз. Сол бірнеше аңыздарды саралай келе Қазығұрт туралы айтылатын аңыздардың шығу төркінінің тым көнеде жатқандығын, топан су туралы аңыздың христиандық аңыздардан да бұрынырақ пайда болғандығын пайымдауға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мирча Элиаде. Аспекты мифа. Москва, 1995.
2. Непомнящий Н.Н., Низовский А.Ю. 100 великих тайн. Москва: «ВЕЧЕ», 2007. – 576 стр.
3. Баландин Р.К. - Сто Великих Богов. МОСКВА: «ВЕЧЕ», - 2003. – 216. [www.e-puzzle.ru](http://www.e-puzzle.ru)
4. Джеймс Джордж Фрэйзер «Фольклор в Ветхом завете», серия «Библиотека атеистической литературы»: Москва: Издательство политической литературы, 1985. – 511с.
5. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Эпос – ел қазынасы. Бірінші том. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 464 бет.
6. Евразия KZ газеті №04 (211). 30 қаңтар, 2009 жыл. 3-бет.
7. Қазағымның киесі – Қазығұртым/Құрастырған Қ.Ергөбек. Түркістан, «Мұра» - 1995. – 96 б.
8. Қазыналы Оңтүстік: т.1. Мифтер, аңыздар/Құрастырып баспаға дайындаған: Қ.Тәжиев. – Алматы: «Нұрлы Әлем». 2010. – 328 б.
9. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 бет.
10. Хошимов М. Великий Шелковый путь и Центральная Азия. Туркестан. Издательство МКТУ, 2005г. – 284 стр.
11. Башкирский народный эпос. Москва: Наука, 1977. 708 с.
12. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 10-том. Арғықазақ мифологиясы. 2 кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 544 б.
13. Успенская А. Зороастризм за 90 минут/ Анна Успенская. – М.:АСТ; СПб.:Астрель-СПб, 2006. – 93, [2] с.
14. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2011. т.78: Қазақ мифтері. – 448 б.
15. Балқыбек Ә. «Жас Алаш». 2002, 19 ақпан, № 21.

16. Кондыбай С. Полное собраний. 5-том. Казахская мифология. Краткий словарь. Эстетика ландшафтов Мангистау. Перспективы для развития туризма (монография). – Алматы: издательство «Арыс», 2008. – 472 с.
17. Зороастрийские тексты. Суждения Духа разума (Дадестан-и меног-и храд). Сотворение основы (Бундахишн) и другие тексты. Издание подготовлено О.М.Чунаковой. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1997. – 352 с.
18. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987. –368 б.
19. Қошқори М. Девону луғотит турк. 3-том, Тошкент: Фан, 1963. 450 б.

## АЗМҰНЫ

### ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Әбілқасымов Б. (Алматы) Abilkasymov B. (Almaty)	Әбілғазының «Түркі шежіресінің» тілі – қазақтың XVII ғасырдағы ескі жазба әдеби тілі	3-11
Fayzulla G. Muratova L. (Түркістан)	Кыпчак grubunun çağдаш temsilcileri türkçesinde zarflar	12-18
Fayzulla G. Muratova L. (Turkistan)	Current adverbs in kypshak languges	

### ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Миннегулов Х. Ю. (Қазан) Minnegulov H.Y. (Kazan)	Литература улуса Джучи и постзолотоордынских татарских ханств	19-30
Турдугулов А. Алиева С. (Бішкек) Turdugulov A. Aliyeva S. (Bishkek)	Түрк элдеринин маданий мурастарынын таркалышына котормонун зарылдыгы	31-36
Мыңбаев Н. (Шымкент) Mynbayev N. (Shymkent)	Нұх (ғ.с.) кемесі түркілер фольклорында	36-44
Сариев С.М. (Ургенч) Sariev S.M. (Urgench)	Развитие эпических традиций и становление культурных контактов народов мира (на основе героических эпосов тюрко-язычных народов) Development of epic traditions and becoming of cultural contacts of the world people (on the basis of heroic эпосов of тюрко-язычных people)	45-58
Әбжет Б. (Түркістан) Abzhet B. (Turkistan)	Топан су жайлы байырғы түркілердің мифтік аңыздары Ancient turkic flood myths	59-80

### ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

Исин А. Тұрсұн Х. (Түркістан) Isin A. Tursun H. (Turkistan)	Қазақ-түрік мәдени байланыстарындағы Шәкәрім Күдайбердіұлы In the kazakh-turkish cultural relations Shakarim Kudaiberdiev	81-89
--	--	-------



### **БАЙЛАНЫС**

Түркология ғылыми-зерттеу институты

Түркістан/ҚАЗАҚСТАН

e-mail: [turkologi@mail.ru](mailto:turkologi@mail.ru)

Басылым: Ахмет Ясауи университетінің «Тұран» баспаханасы

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы

Тәукехан даңғылы № 7

Телефон. 8 (72533) 3-21-17

Факс: 8 (72533) 3-31-63

Журналдың электрондық нұсқасын [turkology.iktu.kz](http://turkology.iktu.kz) сайтынан оқуға болады.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның  
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік. Шартты баспа табағы 11,5.

Таралымы 500 дана. Тапсырыс 630.